



010000, Астана қаласы,  
«Министрліктер Үйі» тел: (7172) 74-17-68

010000, город Астана,  
«Дом Министерств» тел: (7172) 74-17-68

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің Депутаттары,  
«AMANAT» партиясы фракциясының  
мүшелеріне  
Т. Адамбеков пен Е. Бейсенбаевқа**

*2022 жылғы 30 қарашадағы  
№ ДС-350 хатқа*

**Құрметті Тілектес Серікбайұлы!  
Құрметті Елнұр Сабыржанұлы!**

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздерің сұрауларыңызды қарастырып, өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

Қазіргі уақытта «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде оқыту мониторингінде 1536 стипендиат бар, оның ішінде 988 адам – «магистратура» бағдарламасы бойынша, 177 адам – «докторантура» бағдарламасы бойынша және 381 адам – «тағылымдама» бағдарламасы бойынша (оның ішінде 304 адам – «тағылымдамадан өту үшін ғалымдар» санаты бойынша).

2021 жылы қазақстандық студенттерді шетелде шоғырландыру мақсатында «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ (бұдан әрі – Орталық) «Volashaq ambassadors» жобасы іске қосылды. Аталған жоба шеңберінде «Болашақ» бағдарламасының арнайы іріктелген 11 стипендиаты стипендияның елшісі ретінде әрекет етеді, сондай-ақ шетелдік ЖОО-да оқу туралы әңгімелейді, әлеуметтік медиа және БАҚ-тағы үміткерлермен пайдалы кеңестермен бөліседі.

Осы мақсатта 2022 жылы «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары Ұлыбританияда «Болашақ» бағдарламасы стипендиаттарының қауымдастығын ұйымдастырды.

Бұдан басқа, американдық жоғары оқу орындарының дәстүрлі оқыту нысанына оралуына және «Болашақ» халықаралық бағдарламасы стипендиаттарының АҚШ-тағы контингентінің ұлғаюына байланысты «ғалымдардың» жаңа санаты есебінен (жыл сайын 500 стипендия бөлу көзделеді)

Орталық ҚР-ның АҚШ-тағы Елшілігі жанындағы осы елдегі өкілдіктің қызметін қайта бастау туралы шешім қабылдады. 2022 жылдан бастап қоғамның АҚШ-тағы өкілі тағайындалды. Өкілдің функционалдық міндеттеріне «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарын шоғырландыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру кіреді.

IT саласында білім алған және Facebook, Amazon, Google және т.б. сияқты ірі компанияларда жұмыс істейтін қазақстандықтарды біріктіретін «Цифрлық көшпенділер» немесе «Digital nomads» қауымдастығы жұмыс істейтініне ерекше назар аударамыз.

Осы қоғамдастықтың Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен жедел байланысы үшін Министрліктің және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің басшы құрамының қатысуымен жеделхат чат құрылды.

А.ж. қыркүйекте Мемлекет басшысы осы қоғамдастық мүшелерімен кездесу өткізді, оның нәтижелері бойынша нақты тапсырмалар берілді. Оның ішінде Министрлік Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, ХАТУ, АІТУ, ҚБТУ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сияқты және т.б. қазақстандық жоғары оқу орындарында онлайн және офлайн дәрістер ұйымдастырды.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес шетелде оқитын жас қазақстандықтармен өзара іс-қимылға бағытталған онлайн-платформа іске асырылуда.

Жалпы, Министрлік өз құзыреттілігі шеңберінде тиісті жұмыс жүргізуде, сонымен қатар шетелде қазақ мәдени орталықтарын құру мәселесі бойынша «Отандастар» қорына жүгіну қажет екенін қосымша хабарлаймыз.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша, халықаралық келісімдер шеңберінде оқуға түсетін студенттер мен «Болашақ» стипендиаттарын Министрлік міндетті түрде оқу елінде консулдық есепке алу қажеттілігі туралы хабардар ететінін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, қызығушылық болған жағдайда Министрлік хаттарыңызда көтерілген мәселе бойынша Жастар саясаты жөніндегі кеңестің мүшелерімен жиналыс өткізуге дайын екенін хабарлаймыз.

**Министр**

**С. Нұрбек**

*Орынд: Бөлекбаева Ә.*

*Тел: 74-16-12*



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов, Республика Казахстан, KZ, INN810518300362, НУРБЕК САЯСАТ